

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 415 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 6 қазанда № 15857 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарының тізбесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қ. Касымов

2017 жылғы 20 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан

Қаржы

2017 жылғы 4 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Республикасының Қазақстан

министрі Ұлттық

Б.

Сұлтанов

2017 жылғы 25 шілде

экономика

Т.

Республикасының

министрі

Сүлейменов

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2017 жылғы 30 маусымдағы  
№ 415 бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын, разъездерін ашу және жабу ережелерін бекіту туралы" Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі № 283-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2969 болып тіркелген, 2005 жылғы 16 тамыздағы № 85 (709) "Заң газеті" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын, разъездерін ашу және жабу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қоса беріліп отырған барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын, разъездерін ашу және жабу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын, разъездерін ашу және жабу ережесінде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін темір жол станцияларын, разъездерін ашу және жабу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Барлық немесе кейбір операцияларды орындау үшін темір жол станцияларды, разъездерді ашу және жабу қағидалары "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан

Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 17-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленген.

Қағидалар Ұлттық инфрақұрылым операторы, тасымалдау процесінің қатысушылары және темір жол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) арасындағы қатынастарды реттейді."

2. "Қорғалатын аймақ жерлерін пайдаланудың өлшемін, режимін белгілеу және жерлерді бөлінген алқаптағы темір жол көлігінің мұқтаждықтары үшін пайдалану жөніндегі ережені бекіту туралы" Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі № 284-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2989 болып тіркелген, 2005 жылғы 11 тамыздағы № 146 "Заң газеті" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қорғау аймақтары жерінің көлемін, оларды пайдалану режимін айқындау және бөлінген белдеуде теміржол көлігінің қажеті үшін жерді пайдалану жөніндегі қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Қорғалатын аймақ жерлерін пайдаланудың өлшемін, режимін белгілеу және жерлерді бөлінген алқаптағы темір жол көлігінің мұқтаждықтары үшін пайдалану жөніндегі қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қорғалатын аймақ жерлерін пайдаланудың өлшемін, режимін белгілеу және жерлерді бөлінген алқаптағы темір жол көлігінің мұқтаждықтары үшін пайдалану жөніндегі ережесінде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қорғау аймақтары жерінің көлемін, оларды пайдалану режимін айқындау және бөлінген белдеуде теміржол көлігінің қажеті үшін жерді пайдалану жөніндегі қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Осы Қорғалатын аймақ жерлерін пайдаланудың өлшемін, режимін белгілеу және жерлерді бөлінген алқаптағы темір жол көлігінің мұқтаждықтары үшін пайдалану жөніндегі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалары) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. Қағидалары темір жолдарды, темір жол көлігінің басқа объектілерін қауіпсіз пайдалануды, сондай-ақ тасымалдау процесіне қатысушылардың қызметін қамтамасыз ету мақсатында қорғалатын аймақ жерлерін және темір жол көлігінің бөлінген алқаптарын белгілеу мен пайдаланудың тәртібін регламенттейді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"6. Қорғалатын аймақтар шегіндегі жер учаскелерінің жер пайдаланушылар осы Қағидалармен белгіленген шектеулерді ескере отырып, аталған жер учаскесінде шаруашылық қызметтерді жүзеге асырады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Шегінде түрлі шаруашылық қызметтердің жүргізілуі жер төсемі мен жасанды құрылыстардың тұрақтылығына ықпал етуі мүмкін қорғалатын аймақтардың өлшемдері мамандандырылған ұйымдар жүзеге асыратын инженерлік зерттеулердің негізінде, Ұлттық инфрақұрылым операторы немесе желі иеленушінің есебінен жүзеге асырылады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Бөлінген алқаптың шекараларын белгілеу Ұлттық инфрақұрылым операторымен, тармақ иеленушілермен жүзеге асырылады.";

21-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Бөлінген алқап шегінде темір жол жылжымалы құрамы мен темір жол көлігіндегі тасымалдау процесімен байланысты өзге техникалық құралдардың қозғалыс қауіпсіздігін және пайдаланылуын қамтамасыз ету, жолаушылардың өмірі мен денсаулығы үшін жол жүрудің қауіпсіз жағдайларын, экологиялық қауіпсіздікті жасау, инженерлік құрылыстар мен темір жол көлігінің басқа объектілерінің сапалы жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайларды жасау мақсатында Ұлттық инфрақұрылым операторы, тасымалдау процесіне қатысушылар:";

23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Инженерлік коммуникацияларды, жол құбырларын, өтпелерді, байланыс, электр беріліс, мұнай-, газ құбырларын және басқа жер үсті мен жер асты құрылыстарын, сондай-ақ темір жолдарды басып өтетін басқа немесе олардан тікелей жақын жерлерде орналасқан объектілерді салу және пайдалану үшін бөлінген алқап шегінде сервитут мүдделі тұлғаларға Ұлттық инфрақұрылым операторымен, желі иеленушімен келісім бойынша беріледі.

24. Инженерлік коммуникацияларды, жолөткелдерді, өтпелерді, байланыс, электр беру, мұнай-, газ құбырларын, сондай-ақ басқа темір жолдарды кесіп өтетін объектілерді немесе олардан тікелей жақын жерлерде орналасқан құрылыстарды бөлінген белдеу шектерінде орналастыру, салу және пайдалану шарттары мемлекеттік стандарттарға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес олардың иелері мен Ұлттық инфрақұрылым операторы, тармақ иеленуші арасындағы шарттармен белгіленеді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Бөлінген алқап шегінде қандайда болмаған бір объектіні орналастыруды келісу үшін арыз беруші Ұлттық инфрақұрылым операторына, желі иеленушіге жер учаскесінің өлшемі мен шекаралары белгіленген 1:200-1:1000 масштабындағы жер

учаскесінің жобасын, сызбасын, объектінің өлшемін көрсетіп және сол объектінің сызбаларын қоса береді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"27. Осы Қағидалармен белгілеген талаптарды есепке ала отырып уақытша жер пайдаланушылар бөлінген алқап шегінде олардың тегін пайдалануына берілген жер учаскесін мақсатына сәйкес, темір жол көлігі объектілеріне және қозғалыс қауіпсіздігіне зиян келтірілуіне жол бермей пайдаланады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Қорғалатын аймақтар шегіндегі шаруашылық және өзге қызметтің режимін, бөлінген алқап шегінде ғимараттар мен құрылыстарды орналастыру тәртібін сақтауға бақылау жасауды көлік саласындағы уәкілетті орган, Ұлттық инфрақұрылым операторы, желі иеленушілер жүзеге асырады.".

3. "Локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуді ұсыну қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2007 жылғы" 28 наурыздағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4619 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған 2007 жылы № 5, 257-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуді ұсыну қағидаларында:

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Ұлттық инфрақұрылым операторының локомотив жұмысына рұқсаты - магистральдық темір жол желісінде жұмыс істеуге локомотивке және локомотив бригадасына рұқсат беру;"

5), 6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) локомотив бригадасының қызмет көрсету аймағы - Ұлттық инфрақұрылым операторы локомотив бригадасының үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығын белгілеген локомотивтің айналым учаскесінің бөлігі;

6) локомотивтің айналым учаскесі - Ұлттық инфрақұрылым операторы локомотивтің ауысуын белгілеген магистральдық темір жол желісінің станциялармен шектелген бөлігі;

7) локомотивтік тартқышты пайдаланудың технологиялық сызбасы - Ұлттық инфрақұрылым операторы белгілеген локомотивтерге арналған техникалық параметрлер және Ұлттық инфрақұрылым операторы мен оператордың локомотивтердің, локомотив бригадаларының магистральдық темір жол желісіндегі жұмысы кезінде өзара іс-қимылының технологиялық тәртібі;"

9-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) локомотивті есепке алу - Ұлттық инфрақұрылым операторының автоматтандырылған деректер базасына локомотивтің техникалық паспортының деректерін енгізу;"

14-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) Ұлттық инфрақұрылым операторының ақпараттық-есептеу орталығы – тасымалдау процесін ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын және темір жол көлігін автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу, үздіксіз жұмыс істеу және дамыту, сүйемелдеу және пайдалану жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ететін Ұлттық инфрақұрылым операторының бөлімшесі.";

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әрбір локомотив бригадасының Ұлттық инфрақұрылым операторы бекіткен нысандағы локомотивті басқаруға құқық беретін куәлігінің және локомотивтің жұмыс істеуіне Ұлттық инфрақұрылым операторының рұқсатының болуын қамтамасыз етеді."

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Оператор тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторына мыналарды растайды:

1) меншікті (жалға алынған) локомотивтердің және мотор-вагондық жылжымалы құрамның (МВЖК), құжаттардың (темір жол жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің), оның ішінде Ұлттық инфрақұрылым операторының ақпараттық-есептеу орталығында тіркеу құжаттарының болуын;

2) локомотивтік бригадалардың саны туралы анықтаманы (өтілі, локомотивті басқару құқығына куәліктің болуын, Ұлттық инфрақұрылым операторы белгілеген нысандағы біліктілік сыныбы);

3) локомотивтердің және МВЖК-ның техникалық сипаттамаларын (қуаттылығы, конструктивті жылдамдығы, білікке түсетін жүктеме, ток түрі, қауіпсіздік және байланыс аспаптарының, құрылғыларының болуын);

4) техникалық байқауды, техникалық қызмет көрсетуді және локомотивтерді (МВЖК) жабдықтауды, жөндеуді жүргізуге арналған материалдық-техникалық базасы туралы немесе осы қызметтерді көрсетуге тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар ұйымдармен шарттың болуын;

5) айналу пункттерінде локомотивтік бригадалардың демалуы үшін орындар ұсыну бойынша қызмет көрсету жөніндегі ұйымдармен шарттың болуын;

6) локомотивтік бригадалардың қызметкерлеріне рейс алдындағы медициналық тексеру және мерзімдік медициналық куәландыру жүргізуге шарттың болуын.";

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Ұлттық инфрақұрылым операторымен мыналардың:

Ұлттық инфрақұрылым операторының локомотивтің жұмыс істеуіне берген рұқсатының;

ақпараттық қызмет көрсету шартының;  
локомотивтік тартқышты пайдаланудың технологиялық сызбасының;  
шаруашылық және маневрлік жұмыстарды орындау кезінде локомотивтік тартқыш қызметін көрсету шартының негізінде іс-қимыл жасайды.";

14-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ұлттық инфрақұрылым операторы оператор мен тасымалдаушыларға және/немесе тасымалдау процесіне өзге де қатысушыларға локомотивтік тартқышты пайдаланудың технологиялық сызбасына сәйкес мынадай:";

15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Ұлттық инфрақұрылым операторы мыналарды:";

16-тармақта:

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) локомотивтік бригадалардың қызметкерлерін оқытуды, біліктіліктерін көтеруді ұйымдастырады және Ұлттық инфрақұрылым операторының келісуі бойынша оларды аттестаттаудан өткізеді;

6) машинистің бағдарғысын ресімдейді және оның деректерін Ұлттық инфрақұрылым операторының ақпараттық-есептеу орталығына беруді қамтамасыз етеді;"

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Локомотивтік тартқыш қызметін орындау барысында локомотив пен локомотив бригадасы жұмысының уақытын есепке алу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) Ұлттық инфрақұрылым операторы:

локомотивтік тартқыш қызметін орындаудың уақытша кестесін белгілейді;

оператор машинисінің есептік бағдарғы - құжатын тіркейді;

2) оператор:

локомотивтік бригаданың жол жүруі барысында машинистің есептік бағдарғы - құжатын ресімдейді;

жұмысты орындағанан кейін машинист бағдарғысының қосымша данасын Ұлттық инфрақұрылым операторына береді.

18. Локомотив және локомотив бригадасының жұмысын талдау және есепке алуға арналған машинист бағдарғысын ресімдеу және өңдеу тәртібін Ұлттық инфрақұрылым операторы белгілейді."

4. "Темір жолдарды сыныптау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 2 ақпандағы № 42 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6785 болып тіркелген, 2011 жылғы 21 шілдедегі № 225 (26646) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Темір жолдарды сыныптау қағидасында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Темір жолдарына кластарды Ұлттық инфрақұрылым операторы береді."

5. "Поездар қозғалысымен тікелей байланысты темір жол көлігі қызметкерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын есепке алуының ерекшеліктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 74 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6859 болып тіркелген, 2011 жылғы 19 мамырда № 206 (26608) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Теміржол көлігінің поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкердің жұмыс уақытының және демалыс уақытының есепке алынуының ерекшеліктерін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Поездар қозғалысымен тікелей байланысты темір жол көлігі қызметкерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын есепке алуының ерекшеліктерінде:

16-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 12 сағаттық ұзақтықты жұмыстың типтік графигінің 4 ауысымдық кезекшілігі және 12 сағаттық ұзақтықты жұмыстың 5 ауысымдық кезекшілігі осы Есепке алу ерекшелігінің 1, 2-қосымшаларына сәйкес көзделген жұмыс уақытының айлық, тоқсандық, жарты жылдық нормасын сақтай отырып қызметкерлер өкілдерімен келісуі бойынша Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотив тартқышының, сондай-ақ тасымалдаушы бекіткен тәулік бойы ауысымдық кезекшілік жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс істеу және демалыс үлгі графиктерін";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Авариялардың, күйреулердің және табиғи апаттардың салдарларын жоюға бару кезінде тұрақты қызметкерлердің, сондай-ақ олар үшін салдарларды жою негізгі жұмыс болып табылмайтын басқа қызметтердің (жол, сигнал беру және байланыс, энергиямен жабдықтау қызметтері, вагон шаруашылығы, локомотив бригадалары) тартылған қызметкерлерінің жұмыс уақытына жұмыстардың орнына шығу сәтінен бастап Ұлттық инфрақұрылым операторының құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жеріне қайтып келу сәтіне дейінгі барлық сағаттар енгізіледі.

Жүру жолындағы жұмыс уақыты кезекшіліктер графигіне сәйкес есептеледі."

6. "Тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 3 наурыздағы № 110 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6865 болып тіркелген, 2011 жылғы 29 сәуірде № 174-177 (26579) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидаларында:



4, 5, 6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушылар, локомотивтік тартым операторы, вагон операторы (контейнер), жолаушылар агенттігі, жолаушылар, жүк жөнелтуші мен жүк алушы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, Қазақстан Республикасы теміржол көлігі және халықаралық келісімдермен (шарттармен) сәйкес жасалынған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

5. Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушылармен өзара әрекет жасау магистральді теміржол желісін (бұдан әрі – МТЖ) беру кезінде жүзеге асырылады, құрылыстарда, станциялық жолдарда оларды жөндеу және магистральді жолдар бойынша жылжымалы құрамға рұқсат беруді ұйымдастыру.

Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушыға мағлұматтарды береді:

1) МТЖ өткізу қабілеті туралы:

сыныптығы, жүк жолаушылар операциялар үшін мүмкіндігі бар контейнерлер, вагондар іріктемесі көрсетілген станциялар тізімі;

қажетті параметрлері көрсетілген МТЖ схемасы;

жүк поездарының салмақ нормалары;

учаскелер бойынша жүк және жолаушылар қозғалысына жарамды вагондарының саны;

магистральдық және станциялық жолдар бойынша поездар қозғалысы жылдамдығының жарамдылығы;

2) МТЖ локомотив жіберу жағдайы:

поезд жұмыстарын орындау кезінде МТЖ нақты учаскесін қолданылатын локомотивке қойылатын техникалық талаптар;

локомотивті жөндеуге, техникалық қызметке және экипировкаға бағыттау тәртібі;

локомотивтерге орнатылатын қауіпсіздік құралдары мен байланыс типі және параметрлері;

Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушылармен берілген ай сайынғы жүкті тасымалдау жоспарының өтінімі негізінде жүк тасымалдау жоспарының айлық жинақты жобасын дамытады.

6. Тасымалдаушы, тармақ иеленуші, Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартым операторы және кірме жолдарда вагондарды беру-әкетуді жүзеге асыру кезінде вагондарды беру-әкету шартына сәйкес өзара іс-қимыл жасайды.

7. Тармақ иеленуші, Ұлттық инфрақұрылым операторы, тасымалдаушы, локомотивтік тартым операторы және контрагент жылжымалы құрамды беру-әкету жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде шарт негізінде өзара іс-қимыл жасайды.

8. Тармақ иеленуші және Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолдар құрылысында және қабысуды келіскен кезде өзара іс-қимыл жасайды.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Вагондардың (контейнерлердің) операторы жүк, қызметтік, қызметтік-техникалық вагондарды пайдалану кезінде МТЖ қол жеткізу кезінде Ұлттық инфрақұрылым операторымен өзара іс-қимыл жасайды.

11. Вагондар (контейнерлер) операторы ТПҚ мынадай өзара іс-қимыл жасайды:

1) жүк жөнелтушімен – бұл ретте шарт негізінде тасымалдау құжаттарында вагон иесі ретінде көрсетіледі;

2) тасымалдаушымен - бұл ретте шарттық негізде немесе басқа заңды негізде тасымалдау құжаттарында вагон иесі ретінде көрсетіледі;

3) Ұлттық инфрақұрылым операторымен - Ұлттық инфрақұрылым операторының ақпараттық жүйесін қолдану шартының негізінде және жүк вагондары ағымдағы ағытпалы жөндеу шартының негізінде."

7. "Жолаушы поездарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытпен жүру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 130 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6865 болып тіркелген, 2011 жылғы 24 мамырдағы № 215-216 (26614) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Жолаушы поездарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытпен жүруінің қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушы поездарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытпен жүру қағидаларында:

4-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жолаушылар поездарының құрамына қызметтік-техникалық вагондарды тіркеу шартын тасымалдаушы немесе Ұлттық инфрақұрылым операторы анықтайды."

8. "Теміржол өтпелерін пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 168 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6899 болып тіркелген, 2011 жылғы 8 маусымдағы № 79 (1895) "Заң газеті" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Темір жол өтпелерін пайдалану қағидаларында:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өтпелердің жыл сайын Ұлттық инфрақұрылым операторымен жергілікті басқару органдарының, автомобиль жолдары басқармасы органдарының және автомобиль жолдарын күтіп ұстайтын ұйымдардың, жолаушы және басқа автокөлік ұйымдарының, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен комиссиялық тексерістері жүргізіледі.

6. Өтпелер мен оларға кіреберіс жолдардың жағдайларының пайдалану жарамдылығы Ұлттық инфрақұрылым операторының жыл сайын жүргізетін тексерісімен расталады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жылжымалы құрамның және көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігі технологиялық өтетін жерлерде Ұлттық инфрақұрылым операторының келісімі бойынша кәсіпорын қамтамасыз етеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жұмыс істейтін өтпелерді өтпелік сигнал беру құрылғыларымен жабдықтау Ұлттық инфрақұрылым операторы жүзеге асырады.";

12-тармақтың екінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғарыда аталған жағдайлардан басқа жағдайда IV санатты өтпелерді қайта ашуға (басқаша шешім қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда) ішкі істер органдарының, автомобиль жолдары басқармасы органдарының және автомобиль жолын күтіп ұстайтын ұйымның келісімі бойынша Ұлттық инфрақұрылым операторының рұқсатымен рұқсат етіледі. Өтпелер арқылы автобус қозғалысын қайта ашуға өтпе өтпелік сигнал берумен жабдықталған және осы Қағиданың 4-тармағында белгіленген құрамдағы комиссия қорытындысы шығарылған жағдайда Ұлттық инфрақұрылым операторының рұқсатымен жол беріледі.";

13-тармақтың екінші бөлегі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тәулік бойы жұмыс істемейтін өтпелердің тізбесін және олардың жұмыс сағаттарын жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның және осы өтпе қажет ұйымдарының келісімі бойынша Ұлттық инфрақұрылым операторы белгілейді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Поездар және көлік құралдары қозғалысының қарқындылығын, өтпелер жұмыстарының жағдайын тексеруді және олардың санаттарын қайта қарауды іс жүзіндегі қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жылына 1 рет Ұлттық инфрақұрылым операторы жүзеге асырады. Өтпелердің санаттылығын белгілеу үшін поездар қозғалысының қарқындылығы поездар қозғалысының кестесінен, ал көлік құралдары қозғалысының қарқындылығы – автомобиль жолдарын күтіп ұстауды жүзеге асыратын жол шаруашылығы ұйымдарының мәліметінен, немесе Ұлттық инфрақұрылым операторының хронометраждық бақылауынан алынады. Бұл ретте кезекші қызметкерлердің қызмет көрсетуі, алып тасталынатын немесе қалпына келтірілетін ( жаңадан тағайындалатын) өтпелердің тізімі жасалады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Жұмыс істеп тұрған өтпелерді жабу, көшіру, жабылған өтпелерді қалпына келтіру жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның

аумақтық бөлімшелерімен және жергілікті атқарушы органдарының келісуімен Ұлттық инфрақұрылым операторымен жүзеге асырылады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ұлттық инфрақұрылым операторы жоспары бойынша бірінші кезекте II санаттағы, бұдан кейін III және IV санаттағы өтпелерде жарықтандырылу деңгейі 5 люксқа дейін жеткізіледі."

9. "Кірме жолдарды пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 12 мамырдағы № 275 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7020 болып тіркелген, 2011 жылғы 21 шілдедегі № 103 (1919) "Заң газеті" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кірме жолдарды пайдалану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кірме жолдарды пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес әзірленген және кірме жолдарды пайдалану тәртібін, кірме жолдарға қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ кірме жолдарды пайдалану кезінде тармақ иеленуші, контрагент, тасымалдаушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы және тасымалдау процесіне өзге де қатысушылардың қарым-қатынасын реттейді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кірме жол тікелей немесе басқа кірме жолдар арқылы магистральдық және (немесе) станциялық жолдармен жанасады. Кірме жол шекарасы "Кірме жол шекарасы" белгісімен белгіленеді."

Мұндай белгі қою орнын Ұлттық инфрақұрылым операторы жер учаскесіне (кірме жолдарға) жеке меншік құқығына арналған акті негізінде айқындайды.

Кірме жолдың басқа кірме жолға жалғасқан жағдайда "Кірме жол шекарасы" белгісі тармақ иеленушінің келісімімен белгіленеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тармақ иеленуші әрбір кірме жолға мыналардан тұратын құжаттамалар пакетінің екі данасын ресімдейді:

жолдың бойлық пішіні бар техникалық паспорт;

жасанды құрылыстар сызбасы;

мамандандырылған жолдар мен қойма алаңдарын көрсете отырып, тиеу-түсіру (босату) орындары көрсетілген масштабты схема-жоспары.

Құжаттаманың бірінші данасы тармақ иеленушіде қалады, екінші данасын тармақ иеленуші кірме жолдың қызметтеріне шарт жасасқан кезде Ұлттық инфрақұрылым операторына береді.

Жаңа объектілерді пайдалануға енгізгеннен немесе олардың жабылуынан кейін тармақ иеленуші техникалық паспортқа тиісті өзгерістер енгізеді және паспортқа енгізілген барлық өзгерістері туралы хабарлай отырып, техникалық паспорттың бір данасын Ұлттық инфрақұрылым операторына береді. Ұлттық инфрақұрылым операторы жанасу станциясының техникалық-басқару актісіне өзгерістер енгізеді және оған қосымша кірме жолдар ведомосін жасайды."

7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Кірме жолдар уақытша және тұрақты пайдалану үшін ашылады. Салынған кірме жолды тұрақты пайдалануға ашу және мұндай жолға жылжымалы құрамды беру құрамына Ұлттық инфрақұрылым операторының өкілі кіретін комиссия жол пайдалануға қабылдағаннан кейін рұқсат етіледі.

8. Кірме жолды пайдалану тармақ иеленуші әзірлеген және тасымалдау ережесіне сәйкес Ұлттық инфрақұрылым операторы бекіткен кірме жолда қызметтер көрсету және қозғалысты ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықтың негізінде жүзеге асырылады.

9. Кірме жолдарды пайдалану қозғалыс қауіпсіздігі мен жылжымалы құрамның, жүктердің, контейнерлердің сақталуына қауіп төндіретін ақаулар анықталған жағдайда мемлекеттік көлік бақылау органының бұзушылықтар туралы акті негізінде оларды жойғанға дейін тоқтатылады.

Уәкілетті органның жазбаша хабарламасы негізінде Ұлттық инфрақұрылым операторы ақауларды жойғанға дейін кірме жолдың осы учаскесіне жылжымалы құрамды беруді және әкетуді тоқтатады.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тармақ иесі Ұлттық инфрақұрылым операторымен, тасымалдаушымен шарты бойынша маневрлік жұмыстарды және вагондарды уақытша орналастыру қызметтерін көрсетеді.

16. Тармақ иесінің локомотивпен кірме жолына қызмет көрсету кезінде вагондар тасымалдаушының локомотивімен Ұлттық инфрақұрылым операторының белгіленген шартымен қабылдау-тапсыру (шығарып тоқтату) жолында береді. Вагондардың одан әрі жүруі, олардың тиеу орындарында орналастыру, түсіру (жүк түсіру) және қабылдау-тапсыру (көрмелі) жолға қайтару тармақ иесінің локомотиві қамтамасыз етеді.

Ұлттық инфрақұрылым операторының, тасымалдаушының локомотивімен кірме жолға қызмет көрсету кезінде вагондар кірме жолға беріледі және кірме жолдан оларға жүк тиеу, түсіру (босату) орындарына осы локомотив әкетеді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Ұлттық инфрақұрылым операторының немесе тасымалдаушының кінәсі бойынша вагондарды тиеу, түсіру (босату) орындарына, қабылдау-тапсыру (шығарып

қою) жолдарына беру уақытының кешіктірілуі вагондарды беру туралы хабарламада көрсетілген уақыттан бастап есептеледі.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Вагондарды хабарлама бойынша әкеткен жағдайда, сондай-ақ вагондардың кесте бойынша немесе белгіленген интервалдар арқылы әкетуге дайын болмағаны жағдайында жүк жөнелтуші (жүк алушы), тармақ иеленуші алдын ала (вагондарды беруге-әкетуге арналған шартпен белгіленген мерзімдерде) Ұлттық инфрақұрылым операторына, тасымалдаушыға вагондардың әкетуге дайындығының уақыты туралы хабарлайды. Вагондарды хабарлама бойынша әкеткен кезде әкету мерзімі хабарлама тапсырылған кезден бастап есептеледі. Вагондарды кесте бойынша немесе белгіленген интервалдар арқылы әкеткен кезде әкету мерзімі, егер өзге шартта көзделмесе, кестеде немесе интервалда көзделген уақыттан бастап есептеледі.".

10. "Вагондардың (контейнерлердің) операторы қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 19 қазандағы № 709 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8118 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 қаңтарда № 16-20 (27959) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"вагондар (контейнерлер) операторлары ұсынатын қызметтер тәртібін айқындау";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Вагондардың (контейнерлердің) операторы қызметтерін ұсыну қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Оператордың қызмет ұсынуы Ұлттық инфрақұрылым операторының ақпараттық қызметтері жүйесін ұсыну шартының және жүк вагондарының ағымдағы ағытпалы жөндеу шартының негізінде Ұлттық инфрақұрылым операторымен өзара іс-қимыл жолымен жүзеге асырылады.";

6-тармақтағы 4) тармақшасының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"магистральдық темір жолдарында вагондарды (контейнерлерді) пайдалану бойынша жедел, статистикалық есептілікті бастапқы есепке алудың жүргізілуін қамтамасыз ету үшін тасымалдаушыға және Ұлттық инфрақұрылым операторына беруді.".

11. "Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 870 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8281 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 тамызға № 198 (28137) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған), мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру қағидаларында:

2-тармақта:

8) және 9) - тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы – жолаушыларды, багажды, жүк-багажын, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, бүкіл магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдаулар бойынша қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

9) Ұлттық теміржол компаниясы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, дамудың жалпы бағыттарын айқындайтын және теміржол көлігі саласында қызметін жүзеге асыратын Ұлттық инфрақұрылым операторы, ұлттық тасымалдаушылар және өзге де үлестес заңды тұлғалар қызметінің бағыттарын үйлестіруді қамтамасыз ететін акционерлік қоғам;"

мынадай мазмұндағы 10-тармақша толықтырылсын:

"10. Ұлттық жүк тасымалдаушы – жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдауларды орындайтын, бүкіл магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;"

3-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушының, Ұлттық жүк тасымалдаушының, тасымалдаушының, вагондар (контейнерлер) операторының жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау көрсеткіштері туралы;

2) локомотивтік тартқыш операторының, Ұлттық жолаушылар тасымалдаушының, Ұлттық жүк тасымалдаушының, тасымалдаушының, вагондар (контейнерлер) операторының тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері туралы есепті жүргізу және есептілікті ұсыну тәртібін белгілейді.";

8 және 9-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы, Ұлттық жүк тасымалдаушы, тасымалдаушы, локомотивтік тартқыш операторы, вагондар (контейнерлер) операторы есепке алуды жүргізудің дұрыстығын және бастапқы есепке алу құжаттарының уақтылы толтырылуын, сондай-ақ бастапқы деректерді Ұлттық темір жол компаниясының автоматтандырылған жүйелеріне ұсынудың толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтамасыз етеді.

9. Ұлттық темір жол компаниясының автоматтандырылған жүйелеріне Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы, Ұлттық жүк тасымалдаушы, тасымалдаушының, вагондар (контейнерлер) операторының берген жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және

локомотивтік тартқыш операторы ұсынған жүктерді тасымалдау көрсеткіштері туралы бастапқы деректердің және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері туралы бастапқы деректердің негізінде Ұлттық темір жол компаниясы жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану көрсеткіштері туралы есептілікті автоматтандырылған режимде қалыптастырады."

12. "Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 366 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11257 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларында:

2-тармақтың 12)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) магистральдық теміржол желісінің қызметін көрсетуге арналған шарт (бұдан әрі – шарт) – "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 8) тармақшасына сәйкес табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілген магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсетуге арналған үлгі шартқа сәйкес тасымалдаушы мен ұлттық инфрақұрылым операторы арасында жасалған магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсетуге арналған шарт";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тасымалдаушының магистральдық теміржол желісінің көрсеткен қызметтері үшін ақы "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес табиғи монополияларды реттеу салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілген тарифтер бойынша жүргізіледі.";

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Магистральдық теміржол желісі қызметтеріне қолжетімділік осы Қағидалармен белгіленген тәртіпте және "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 3) тармақшасына сәйкес табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілген Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну қағидаларына сәйкес ұсынылады:";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



19. Тасымалдаушы ұлттық инфрақұрылым операторына осы Қағидаларға 2, 3, 4 және 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді, оған мынадай құжаттар және ақпарат қоса беріледі:

1) ұлттық инфрақұрылым операторы бекіткен нысан бойынша тасымалдаушының поездарды қалыптастыру жоспарының жобасы;

2) ұлттық инфрақұрылым операторы бекіткен нысан бойынша поездар қозғалысының кестесі мен графигінің жобасы;

3) жоспарланып отырған тасымалдардың жылдық көлемдері (графиктің әр тармағы үшін тоқсандар мен айлар бойынша бөлу арқылы);

4) бағыттар бөлінісінде айлар бойынша бөлінген өткен жылғы жүк тасымалдау көлемдері;

5) Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидасында бекітілген жылжымалы құрам түрінде мемлекеттік тіркеу куәлігі туралы көрсетілген Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 333 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 90591, 2015 жылғы 18 маусымдада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі жарияланған);

6) жылжымалы құрамға меншік құқығын немесе пайдалану құқығын растайтын құжат;

7) жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу базасының болуы туралы құжат немесе мұндай база болмаған кезде жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған шарт (шарттар);

8) тасымалдау жоспарланған жылжымалы құрамның:

түрі мен тиесілігі;

тасымалдау жоспарланған вагондардың саны;

тасымалдауды қамтамасыз ету үшін тасымалдаушы көздеген локомотивтердің үлгілері мен сипаттамалары көрсетілген тізбесі;

9) тасымалдау қызметін жүзеге асыру үшін ұлттық инфрақұрылым операторына ақпарат беру және алмасу үшін қажетті тасымалдау құжаттарын (вагон парақтары және анықтама қағаздары) жасау және өңдеудің техникалық мүмкіндігінің болуын растайтын ақпарат (бірінші басшының немесе оны алмастыратын адамның қолы қойылған хат) не болмаса мұндай мүмкіндігі бар тасымалдаушымен жасалған шарт;

10) жүктерді тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асырған жағдайда:

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес жүктерді тасымалдау бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі;

тасымалданатын жүктердің түрлері туралы ақпарат;

11) әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдары жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайда, әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар

бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендердің қорытындылары туралы хаттамадан үзінді көшірме немесе әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыруына байланысты шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша уәкілетті органмен жасасқан шарттың көшірмесі;

12) магистральдық теміржол желісі орналасқан аумақта орналасқан заңды тұлғаны немесе филиалды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәлік;

13) Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша, берешегінің жоқтығы (бар болуы) туралы мәлімет. Егер, мәліметтерде берешек көрсетілген жағдайда, берілген берешектің құрылу мерзімдерін растайтын құжаттарды қоса беру қажет.;

14) Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жасалған теміржол көлігін, жүктерді және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттары;

15) соңғы аудиторлық тексеру есебінің көшірмесі және оған қосымша;

16) жоспарланып отырған қызметтер көлемі құнының 0,1 %-ына (оннан бір пайызына) тең мөлшерде инфрақұрылымға қол жеткізуді беруге арналған өтінімнің ақшалай қамтамасыз етілуі (не болмаса аталған сомаға банк кепілдемесі);

17) шартқа қол қою құқығына сенімхат, егер заңды тұлғаның өкілі ретінде бірінші басшы немесе бірінші басшының міндетін атқарушы тұлға болмаған жағдайда, осы шартқа қол қою кезінде сенім білдірілген тұлға өкілдік етеді;

18) локомотив бригадаларының біліктілігі және олардың қызмет көрсету учаскелерінің жоспарлары мен бейімдерін білуі туралы ақпарат.

Қағидалардың осы тармағының 16) тармақшасында белгіленген талап вагондық жөнелтілімдерді жүзеге асыратын тасымалдаушыға қолданылмайды.

Осы қағидалардың 19-тармағының 1 және 2 тармақшаларында көрсетілген тасымалдаушының поездарды ұйымдастыру жоспар жобасының, поездар қозғалысының кесте және тізбе жобаларының үлгілері Ұлттық инфрақұрылым операторының ресми интернет-ресурсында орналастырылады.";

қосымша осы тізбенің 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

осы Тізбенің 2, 3, 4 және 5-қосымшаларына сәйкес 2, 3, 4 және 5-қосымшалармен толықтырылсын;"

